



**Балалар
жылы**
2022



Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ РҚББОӨ «Баланың кешенді дамуы: шығармашылық әлеуетін ашу» музыка, көркем еңбек мұғалімдерінің, көркем-эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтерінің съезі аясында 2022 жылғы 5 мамырда көркем-эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтерінің секциясын өткізеді.

Секция мақсаты – үздік білім беру тәжірибелерін таныстыру, мектептен тыс ұйымдар мен педагогтердің кәсіби тәжірибесін ұсыну, қосымша білім беру жүйесінің даму динамикасы, мәселелері, даму келешегі туралы қоғамдық-кәсіби пікір қалыптастыру.

Өнерге негізделген көркем-эстетикалық тәрбие балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда ерекше маңызға ие.

Республикада көркем-эстетикалық білім беру 158 балалар музыка мектебінде, 139 балалар өнер мектебінде және 30 көркемөнер мектебінде іске асырылады, онда 8 мыңға жуық педагог 145 мыңнан астам оқушыларды музыкалық сауаттылық негіздеріне оқытады, олардың бойына эстетикалық талғамын қалыптастырады, оқушыларды әлемдік музыка, көркем өнердің байлығына, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтауға баулиды.

Секция жұмысына Білім және ғылым, мәдениет және спорт министрліктерінің өкілдері, мектептен тыс ұйымдар басшыларының үйлестіру кеңестерінің төрағалары, жаңашыл педагогтер мен практик-педагогтер, ҮЕҰ өкілдері қатысады.

Секция қатысушыларына заманауи қосымша білім беру үрдістерімен, жаңашыл педагогикалық идеялардың, бағдарламалар мен білім беру технологияларының авторларымен танысуға мүмкіндік болады.

Секцияда барысында балаларға қосымша білім беру жүйесін сапалы дамытуға, шығармашылық пәндерді оқытудың жаңа креативті әдістемелерін анықтауға, педагогтердің үздік тәжірибесін жалпылауға, жинақтауға және таратуға және т. б. бағытталған көркем-эстетикалық қызметтің қосымша білім беру жүйесінің неғұрлым маңызды басымдықтары белгіленетін болады.

Секция жұмысының соңында ұсынымдар қабылданатын болады.